ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ТУЫ

ЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

юнь Жұма

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тиын.

## *Еңбек аброй әпереді, даңқ шығарады, батыр және ер атандырады.*

ы катарлы ком-
тік Еңбек Ері
луі колхоз, совхоз
дің барлык егін-
шыларға жаңа
жүктейді. Олар
асына лайыкты
іс. Бұл —егін
дайындауға бар-
лыкты әзірленіп,
де, ысырапсыз

стық дайындау
қыт жақындап
ауыл шаруашы-
уыл шаруашылы-
ші және коры-
п жатыр. Алдын-
вхоздар мен МТС-
ын тыңғылыкты
нәтижелерге же-

і жалпы алғанда
дайындауға әзір-
у мен астық да-
кізуде зор роль
і әзірлеу жұмы-
сыз екендігін жа-
т —егін жыйнау
әзірліктегі олкы-
ін орағын тыңғы-
ы алуда.

# Жемшөп дайындауға барлық күш-мүмкіншілік жұмылдырылсын

* * *

## Жемшөптің кемінде біржарым жылдық қорын жасаймыз

Казакстан К(б)П Орталық Комитеті II пленумының каулысын орындау жолында кажырлы күрес жүргізе отырып, Ұзынкөл астық совхозының коллективі жемшөп дайындауға 26 майда кірісті. Кәзір шөп шабу совхоздың барлық бөлімшелерінде кызу қаркынмен жүргізіліп жатыр.

Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің быйыл коғамдық мал үшін кемінде біржарым жылдық жемшөп қорын жасау жөніндегі үндеуіне байланысты совхоз мал өсірушілері жемшөп дайындауды барлық жағынан тыңғылыкты өткізіп, құнарлы жемшөпті әрі тез, әрі көп дайындауды үйғарып отыр. Олардың негізгі мақсаты —быйыл жемшөптің кемінде біржарым жылдық қорын жасау. Совхоз коллективі бұл міндетті мінсіз жүзеге асыруға колда бар күш-мүмкіншілікті түгел жұмылдырды.

Кәзір совхозда шөп шабуға 2 өздігінен жүретін, 6 тракторға тіркелетін кең алымды шөп машинасы және 6 ат шөп машинасы қосылды. Алғашкы күннен басқарған пішеншілер де күндік норманы толық орындап келеді. Олар наукан басталғаннан бері 4 мың центнер шөпті маяға салды.

Осымен кабат, шабылған шөп мал қоралары жанына тасылып жатыр. Шөп тасуға әрбір бөлімшеде 2 автомашина және 22 арба бөлінді. Булармен алғашкы күндердің өзінде мал кыстайтын орындарға 500 центнер шөп тасылды.

Оңтүстік казакстандыктардың үндеуіне жауап ретінде совхоз пішеншілері күн сайын 200 гектар жердің пішенін шабуға міндеттенген еді. Пішеншілер өздерінің бұл міндеттемесін абройменен орындап келеді. Осының нәтижесінде совхоз бойынша 1200 гектар жердің пішені шабылды.

Пішеншілер арасында социалистік жарыс пен үгіт- бұқаралық жұмыстарын кеңінен өрістету аркылы мал азығын дайындау қаркынын алдағы уақытта кәзіргіден де күшейте түсуді көздеп отырмыз. Бұл жөнінде совхоз коммунистері мен комсомолецтері көп жұмыс істеп отыр. Олар шөп шабу және шөп жыйнау



# ...өнер шыңына өрлеңдер!

☆

...лды. Облысымыздың орта мектептерін көп қыздар мен
...ы. Оның ішінде ондаған оқушы алтын, күміс медаль-
...орта біліммен ғана қанағаттанып коймай, Москванын,
...ның, еліміздің басқа да қалаларының жоғары дәрежелі
... өздерінің білімдерін молайта бермек.
...тептердің оныншы кластарын үздік бітіргендерге сөз

## ...ЖЫЛДЫҢ ӨРІНДЕ

...брь менің әлі
...овет жастары
...ет партава ке-
... партада қаз-
... фамилиямызбен,
... тақтаға барып
...тіп, бізден:
...еп сұрады.
... барлығы дер-
...ады. Апамның
...н алфавитті үй-
...ымды көтеріп:
... —дедім.

...н? —деп сұра-

... барлығы:
...ин! —десті бір

... болады?
...з, көсеміміз!
... оқығанда өте
... мұғалима.
...енің бар макса-
... Мен оқу құра-
...арналған қосым-
...н айналыстым
...абақ алсам, үй-
...ып отырдым.

Сөйтіп, білім партасына отырған бірінші күннен- ақ окуды «беске» оқыдым. Бірінші класты бестік бағамен бітіргеннен кейін мұғалима маған:

—Оқуды бірінші кластан 10 класка дейін «беске» оқуға ұмтыл, —деп ақылын айтты. Мұндай ақылды ата- анам да берді.

Кластан- класқа көшкен сайын ой-өрісім кеңейіп, білімім де арта түсті. Бастауыш, жетіжылдық мектепті «беспен» бітіріп, оны 10-класта да баянды еттім. Мемлекеттік емтиханды барлық пәннен «беске» тапсырдым.

Көп окып, көп ізденудің арқасында бірінші кластан бастап 10 класқа дейін оқуды үнемі үздік оқыдым. Сөйтіп, зор абройға бөлендім. Кәмелеттік аттестатпен катар, алтын медальға ие болдым. Бұл мен үшін үлкен қуаныш, зор табыс. Осы қуаныш үстінде мен алдағы уақытта Москваның Ломоносов атындағы университетіне түсіп, онда да әрқашан үздік оқуға, қоғам жұмыстарына белсене катысуға серт етем.

**Людмила БАТУРОВА,**
**№ 4 орта мектепті алтын медальмен бітірген оқушы.**

## ...ті Сталинге рахмет!

## Әкелік қамқорлықтың арқасында

Мен мектеп жасына жетпей-ақ жетім қалдым. Бірақ, панасыз, әкесіз болғаным жоқ. Совет үкметі және большевиктер партиясы қамқорлық жасап, менің өсіп, ер жетуіме, оқып білім алуыма қамқорлық жасады, бақыттың, шаттықтың нұрына бөледі. Мен ешбір қыйыншылық көрмей, 1 кластан бастап 10 класка дейін оқуымды үзбей, ғылым негізімен каруландым.

Мұның өзі біздің елімізде жастардың білім шыңына өрлеуіне, оқып білім алуына, мамандық меңгеруіне жолдың даңғыл екендігін, оған мүмкіншіліктің жеткілікті екендігін сыйпаттайды.

Мен өзімнің бақытты өмірімді мақтан етемін. Сондықтан да менің ойым, мақсатым—әлпештеп өсірген Отаныма қызмет ету, оның шаруашылығын өркендетуге үлесімді қосу. Бұл игі ниетімді жүзеге асыру үшін маман болуым шарт. Сондықтан да еліміздің бүкіл жастары сыяқты мен де быйыл мектеп босағасынан өтіп, институттың табалдырығын басқалы отырмын. Сөйтіп, инженер болып шығамын.

**Сәруар ӘБІЛҒАЗИН,**
**М. И. Калинин атындағы № 5 мектептің 10-класын үздік бітірген оқушы.**

## Біздің борышымыз

Большевиктер партиясы және совет үкметі жас ұрпақтарды оқытып, коммунизмнің белсенді құрылысшылары етіп тәрбиелеуге ерекше маңыз беріп, оған жылма- жыл көптеген қаржы жұмсап келеді. Жастар үшін сан мыңдаған сәнді-сәулетті, зәулім мектептер салынып мыңдаған мұғалімдер қызмет етуде. Олар

# ССРО Сыртқы Істер Министрлігінде

Осы жылғы 21 июньде Швеция үкметі өзінің Москвадағы елшісі Сульман мырза арқылы Совет Үкметінен: 13 июньде Балтық теңізі үстінде Совет Қарулы Күштерінің шведтің ДС-3 самолетіне оқ атқанын- атпағанын, егер оқ атқан болса, мұның өзі қандай жағдайда болғанын хабарлауды өтінді.

24 июньде ССРО Сыртқы Істер Министрі А. Я. Вышинский Швецияның елшісі Сульман мырзаны қабылдап, оған мынадай мәлімдеме жасады:

«Швеция үкметінің 21 июньде: Совет Қарулы Күштерінің 13 июньде Балтық теңізі үстінде шведтің ДС-3 самолетіне оқ атқанын- атпағанын, егер оқ атқан болса, мұның өзі қандай жағдайда болғанын хабарлауды өтінуіне байланысты ССРО Сыртқы Істер Министрлігі мынаны мәлімдеуді қажет деп табады.

Тиісті органдардың жүргізген тексеруі негізінде Министрлік мынаны хабарлайды: 13 июньде 13 сағат 10 минутта Вентспилс ауданында Балтық теңізі жағынан келген шет елдік 2 самолет совет шекарасын бұзды. Күннің тұманды және ауа райының қолайсыз болуы себепті бұл самолеттердің қандай ұлттыкі екені анықталмады. Совет самолеттері ол айтылған самолеттерді қуып жіберді.

Министрлік, мұнымен бірге, мынадай ерекше фактіге назар аударуды қажет деп табады: Совет самолеттері басқа мемлекеттердің шекарасын еш уақытта бұзбайды, ал, шет елдердің, оның ішінде Швецияның самолеттері соңғы кезде совет шекарасын бірнеше рет бұзды.

Министрлік Швеция соғыс самолеттерінің совет шекарасын бұзу фактілеріне Швеция үкметінің назарын тағы да аударып, Швеция үкметінен мұндай оқыйғаларға жол бермеуге шұғыл шаралар қолдануды талап етеді.

Сол сыякты, Министрлік, басқа барлық мемлекеттердегідей, ССРО-да қолданылатын нұсқауды еске салуды қажет деп табады. Бұл нұсқау бойынша, шетелдік самолет мемлекеттік шекараны бұзған және шетелдік самолет басқа елдің жеріне өткен жағдайда ол мемлекеттің ұшқыштары бұл самолетті жергілікті аэродромға қондыруға, ал, қарсылық көрсете қалса, оған оқ атуға міндетті».

# Я. А. Маликтің Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас секретарының міндетін атқарушыға жолдаған хаты

НЬЮ -ЙОРК, 24 июнь. (СОТА). 23 июньде ССРО-ның Біріккен Ұлттар Ұйымының жанындағы тұрақты өкілі Я. А. Малик Біріккен Ұлттар Ұйымы бас секретарының міндетін атқарушы Гийом Жорж -пикоға мынадай мазмұнда хат жолдады:

«Авганстанның, Бирманың, Египеттің, Индияның, Индонезияның, Иранның, ИракТың, Ливияның, Пакистанның, Филиппинның, Сауд Аравиясының, Сирияның, Иеменнің тұрақты өкілдері. Біріккен Ұлттар Ұйымы уставының 20- статьясына және «Бас Ассамблеяның жұмыс тәртібі ережелерінің» 9—(А) ережесіне сәйкес, Тунистегі әлі де болса шиеленісіп отырған жағдай туралы мәселені тезінен карау үшін Ассамблеяның арнаулы сессиясын шақыруды өтінгенін хабарлаған Сіздің 1952 жылғы 20 июньдегі СГ 25/01 нөмерлі (арнаулы) телеграммаңызды алғанымды ыспаттап, Сізді Совет Одағы жоғарыда көрсетілген мемлекеттердің Тунис мәселесін қарау үшін Бас Ассамблеяның арнаулы сессиясын шақыру туралы өтінішін қуаттайтынын құрметпен білдіремін».

Калинин атындағы түсті металл институтына түспекпін.

Бұған кім мақтанып, кім шаттанбас! Тек сталиндік алтын заманда ғана жастардың ойлаған ойына, көздеген нысанасына жетуіне кең даңғыл жол ашылып отыр. Солай болғандықтан да советтің әрбір жас азаматы өздеріне жасалған қамқорлық үшін сүйікті Сталиннің, большевиктер партиясының сенімін ақтауды көздейді. Менің де мақсатым, шынайы жүрек сырым —Отан үшін қызмет ету.

**Оразгелді БАЙМҰРАТОВ,**
**М. И. Калинин атындағы орта мектепті күміс медальмен бітірген оқушы.**

емес пе! Бейбітшіліктің жеңімпаз алқызыл туын желбіретіп тұрған сәулетті астана —Москва емес пе?!...

Мен Москвада соғысқа дейін —1939 жылы болдым. Ол кезде жас едім. Сонда да Москваның ұзыннан -ұзақ созылған көшелерін аралағанымда оның зәулім үйлері, институттары, заводтары мен фабрикалары маған өте- мөте жақсы ұнайтын. Мен Отанымыздың жүрегі — Москвада тұрып, сонда жоғары дәрежелі білім алсам екен деп ойлаушы едім.

Бүгін сол арманымның жүзеге асатындығы күмәнсіз болып көрінеді. Міне, мен Петропавл қаласында 10 -класты

сені үйретті. Біз мектептен білім алып қана қойғанымыз жоқ, сонымен қатар, жақсы тәрбие алдық. Бізге мұғалімдеріміз адамгершіліктің алуан түрлі жақсы қасиеттерін бойымызға сіңірді. Демек, біздің алдымызда тұрған міндет—институтқа да оқуды үздік оқып, қоғам жұмыстарына белсене қатысу, сөйтіп, алдағы уақытта да алдыңғы сапта болу. Біз бұл міндетті мінсіз орындауға тиістіміз.

**Алексей ОКОРОКОВ,**
**Петропавлдың № 2 ер балалар орта мектебін күміс медальмен бітірген оқушы.**

көптеген совет жауынгерлерін өлім апатынан алып қалғандығы жұртқа мәлім. Соғыстан кейінгі дәуірде де дәрігерлер медицина ғылымын алып адыммен өркендетіп, адамды емдеудің тамаша үлгілерін көрсетуде.

Олай болса, басқа мамандықтар сияқты, дәрігер болу да —үлкен аброй, зор құрмет. Мен медицина қызметкерлерінің кітаптарын көп оқыймын, соларға еліктеймін, сөйтіп, өзімнің де дәрігер болу жөніндегі талабымды дамыта түсемін.

**Ада ЕЛИСЕЕВА,**
**В. И. Ленин атындағы № 1 орта мектепті күміс медальмен бітірген оқушы.**



СУРЕТТЕ: Қаланың орта мектептерінің оныншы кластарын алтын және күміс медальдармен бітіріп шыққан оқушылардың бір тобы. (Солдан оңға қарай, төменгі қатардағылар) С. Әбілғазин, О. Баймұратов, А. Елисеева, А. Окороков; (жоғарғы қатардағылар) Ә. Ақбердина, Л. Батурова, В. Ермолаева.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

ПАРИЖ, 24 ик
рын да хабар еті
докшылары 18 жа
Қытайға баратын
жұмыс істеуге кі
латын. Бүгін «М
өкмет орындары б

ВЕНА, 25 июнь
азаматтық өнеркә
барған сайын қыс
күшеюде. Жуырда
ғы Австрия) Авст

**ЕҢБЕКШІЛЕ**

Еңбекшілер деп
Советі атқару ком
лық Советінің жет
шақырылуы) 1952
кі сағат 8-де шақ

**«УДАРНИК»**

Бүгін және күн
**«ЖАСАУЛ**
Сеанс сағат 4-те


**ҰЙЫМДА**
**К**
Лениногор
қалаларының
шылар **АЛАД**
Шарт жа
леріне 250 со
ақы, жол шығ
Түсінік ал
лық жерлерде
жұмысшылар



**РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ:** Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор — 1-86, р
партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы —0-22, газет табыс

УШ 01088 Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы полиграфия өнеркәсібі, баспа және кітап саудасы Басқармасының Петропавлдағы Мемлекеттік №